

Ұлы ойшыл әлемін Тәкенше пайымдау

Абайтануға көп жылдын арнап, індете зерттеген көрнекті жазушы, сыншы Тәкен Әлімқұлов 1972 жылы «Жазушы» баспасынан «Жұмбақ жан» атты әдеби сын кітабын шығарған еді. Еліміз зиялды қауымы арасында ерекше құбылыс болған бұл қунды еңбек 1993 жылы Абайдың 150 жылдығына орай қайта басылды.



Дәуір арқылы Абайды ашамыз ба,

Абай арқылы дәуірді ашамыз ба?

Тәкен Әлімқұловтың Абай іліміне мықтап ден қоюы ертеден басталған. Елуінші жылдардың басында Мәскеудегі Әдебиет институтында оқып жүрген кезінде «Жұмбақ жанның» алғашқы нұсқасын «Абай» деген атпен ұлы ақынның қайтыс болғанына 50 жыл толу қарсаңында 1958 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шағын кітап етіп шығарды. Мәскеудің «Советский писатель» баспасынан «Абай Кунанбаев» атты кітабы да басылды. Одан кейін де респубикалық және облыстық баспасөз беттерінде Абай туралы зерттеу мақалалары ұзбей жарияланып тұрды. Сол кезеңде жарық көрген «Абай», «Абай Кұнанбаев. Жемісті жолда», Мәскеуден шыққан «Поэзия казахского народа», «Антология казахской поэзии», «Абай Кунанбаев. О прошлом и настоящем» атты жинақтарға зерттеу мақалалары

енді. «Шежірелі сахара» атты прозалық кітабында Абай туралы «Мандайдың соры» атты көркем әңгімесі де бар. 1970 жылы Мәскеудегі Жазушылар одағының қазақ бөлімшесінде қызмет етіп жүргенде «Абай Құнанбаев туралы кітабымды толық бітіру үшін» деп екі ай мерзімге іссапарға шығуға рұқсат сұрайды. Семей мен Оңтүстік Қазақстан облыстарына барып, Абай ақынның көзі тірі жақындарымен, ақын мұрасын сактаған жандармен кездесіп, құнды мәліметтермен қанығады. Одан кейін де өле-өлгенше Абай мұрасына қайта-қайта соғып, індете зерттеп, ауық-ауық мақалалар жазып, қайта оралып отырған. Тәкен Әлімқұловтың соңғы шыққан шығармалар жинағына «Жұмбак жан» енгізілді.

1972 жылы жарық көрген «Жұмбак жан» кітабына «Абай Құнанбаев туралы деректі хикая» деп айдар таққан екен. Тәкен Әлімқұловтың көп жыл бойы жинап-терген еңбегінің жемісі – қазақтың ұлы ойшыл ақыны, санаткері Абай Құнанбаев туралы тарихи деректерді тоғыстыра, екшей отырып, жазушы құнарлы, көркем прозаның толғанысты тың түріне құлаш ұрады. Барынша сазды, бейнелі түрде серпінді де, лепті, ыргақты жазылған бұл кітап Абай туралы түсіндірменің, тебіреністің ішкі сезімімен, әсерлігімен көкейге қона кетеді. Кітаптың «Жұмбак жан» аталуында шешілген жұмбақтың сыры, шешілер мәселенің нұсқалары жатыр. Кітаптың «Абай хақында қалам тартпаған аға жазушы жоқ, оған өлең арнамаған ақын кем. Арнаулы зерттеушілер өз алдына. Бұл дәстүр келешекте де толастамак емес. Абай мұрасы жайында мәселе қозғауда көпшіліктің игілігін көздеу бар... Қазақтың ысылған классикасы Абайдан басталса, оған күні бүгінге дейін бірде-бір ақын тіркелмесе, Абай туралы еңбек жазудың жауапкершілігі өзінен-өзі түсінікті. Аскар таудың түбі тұншықтырады. Оның биігін аңғару үшін алыстан қарауга керек. Көз жазып қалуға және болмайды. Бұл жағынан келгенде мүшел мерекелер қонақтаған жолаушыны толғандырлық белестерге бара-бар... Абай – азамат, қайраткер, санаткер, ойшыл ақын. Ол өз заманының перзенті, тұстасы, ағасы, атасы. Ол өз дәуірінің күрескери, ақылгөйі. Осының баршасын тоptастырғанда «Абай» деген кеменгер тұлға туады. Бұл тұлғаны қалайша анықтау, қалайша мүсіндеу керек? Дәуір арқылы Абайды ашамыз ба, яки болмаса, Абай арқылы дәуірді ашамыз ба? Әдебиет зерттеу тәсілі жағынан келгенде мұның мәні айрықша. Психологияны анықтайтын ғылым бар бейімді адамды талант тобына телісе,

бірнеше бейімнің басын қосқан кісіні данышпан деп таниды. Абай Құнанбаев осының соңғысына жатады. Ол кейде төкпе, кейде бүкпе. Кейде сыршыл, кейде суретшіл, кейде інкәр, кейде торыққыш. Кейде әсершіл, кейде байқампаз. Кейде ойшыл, кейде ақылгөй. Осының бәрі оның байырғы болмысының, табиғи дарынының үстіне оның мұратының, мұддесінің кеңдігінен туған қасиеттер еді. Ағымдағы баспасөзді, меншікті нәшірияты жоқ қазақ сахарасында өлең-жыр, хисса-дастан өте-мөте өтімді еді. Сондықтан Абай поэзияға төтенше жүктег артуға мәжбүр болды. Әбден то-лысқан шағында туған қара сөздерін былай қоя тұрсақ, Абай фәлсанасы, эстетикасы, тұрмыстық толғаныстары оның поэзиясында, жүртқа тез тарайтын үшкүр жанрда жатыр» деп ой түйеді Тәкендей сұнғыла жазушы.

«Жүргегіннің түбіне терен бойла, Мен бір жұмбак адаммын, оны да ойла» деген Абай өлеңінің қос шумағы теңізшінің тарланына жеткізбейтін мұхиттың тұңғылық түбіндегі. Бұл тұңғылықта бір күнде, бір жылда шешілетін құпия жатқан жоқ, ғасырлар шешетін, бәлкім, шеше жататын жұмбак жатыр. Абай Құнанбаев сынды ұлы ақындардың мағынасы терен мұрасы бір кезеңнің, бір дәуірдің еншісінде қалмайды. Оған ауыспалы ұрпактар өз көзқарасын білдіріп, өз бағасын бере жатады. Мазмұнды өмірбаянның, мәністі творчествоның қыры мен сыры дәуірлердің басында ашила түседі. Қыры қыруар, сыры қын Абай өз тұсында ғана жұмбак болмай, осы заманға да сыбаға қалдырып кеткен. «Мен бір жұмбак адаммын, оны да ойла» дегенде келешек дәуірлерге, жаңа буын түлектерге мұң шағып, сыр мензеген, түпсіз тұспал қалдырган. Өз заманынан озған ойшыл жан болашақ қауымға үлкен үміт артқанда тілдің таңбасын, жүректің тереңдігін артық санаған. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінің оңай табылмайтынын шыншыл да, сыршыл бейнелеп жеткізе білген. Абай – таудай тұлға. Абай – сахарадай шежіре. Абай – сегіз қырлы, бір сырлы суреткер. Өз өмірінің жалғасын тозбас томардан таба білген байырғы гений. Өмір жолына, әдеби мұрасына қанша үңілсек жатырқамайтын шипалы жұмбак. «Шынын айтпай, сырын айтатын» сұмдық сыпайы. Жалғыз жібектің жүздеген түйіні Абайдан табылады. Шебер кол, сезімтал жүрек, милы парасат таңдайтын түйіндер – сансыз ұрпактың үлесі» деп жазады Тәкен Элімқұлов.

Ұлы Абайдың өміршөң мұрасын зерттеушілердің жазуы бойынша ақын көзі тірісінде өлеңдерін жинастырмастан қағазға жазып, жастарға таратып беріп отырған. Өнерге құштар жастар Абай өлеңдерін тез жаттап алған. Осылайша Абай өлеңдері қазақ сахаrasында ауыздан-ауызға тарап отырған.

«Жұртым-ай, ұқсанышы сен сөздің ішін»

«Абай он төрт жасынан бастап өлең жазғанмен, сол өлеңдерін құнттамаған, жинастырып, сақтамаған. Беріректе, жасы қырықтан асқан кезінде жазған өлеңдерін алты-жеті жыл бойына басқа адамның атымен таратқан. Абай мұрасының әр тарауы дербес енбектерге татиды. Осы мұраның ең тереңі, ең бағалысы, ең баяндысы – сыршыл лирикасы. Бұған азаматтық сарын, көңіл сазы, табиғат толғауы, махабbat жыры жатады. «Жұртым-ай, ұқсанышы сен сөздің ішін» деп келетін шымыр жолдардан басталатын Абай сарыны, Абай сазы, Абай лебі адам жанын әлдилейтін алуан-алуан өуендерге ұласқанда, осының баршасының үстінен қарайтын биік парасат тұрады. Бұл жағынан келгенде Абай немістің Гетесін, орыстың Пушкинін еске түсіреді. Ұлы ақынның алемді көруі айшықты, дүние тануы терең, түсінігі тұңғызық келмек. Бұған ақынның оралымдығы қосылмақ. Ой-пікірдің, сана-сезімнің ұзак жасауында болмыстың құнары жатады. Ұлы Абай өмір сырына қанықтығын, қылыш піғылға, мінез-құлыққа сұңғыла сыншылдығын, сүйініш-күйінішін былай қойғанда, туган табиғатты көре, сезе, сезіне білуінде қаншама құдіретті нәзіктік жытыр.

«Жауган күнмен жаңғырып,

Жер көгеріп күш алар.

Аққан жасқа қаңғырып,

Бас ауырып, іші жсанар» деген шумақ өлеңде қаншама табиғат көрінісіне астасқан көңіл-күй жатыр» десенізші деп жазады Тәкен Әлімқұлов.

Қолына қалам ұстаган қазақ баласы тіл ұстартуда Абайға соқпай өтпеген, келешекте де өте алмайды. Осының себебі неде? Жіті бақсақ, Абай әдебиеттің төркіні халықта екенін, өзінен бұрынғы ақындардан да жақсы білген. Сол себепті ақын шығармаларында бей-берекет орамдарға, сырты сұлу сүлдір сөздерге бармай, ойлы, оралымды, жанды сөз жасаған. Поэзия сырын «куатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» деп түйген.

Абай өмір сүрген кезең – шым-шытырық дәуір. Ұлы ақын тұнектен саңылау ізде, «ақырын жүріп, анық басып», болашаққа өткел болатын соқпағын таба білді. Ол кезеңде әр ақынның әр ағымға түсіндегі белгілі табиғилық жатады. Ал Абай болса ескінің соқпағына түспей төтеден жол тартты. Құллі халықтың қамын жеген бұкарашыл, шыншыл әдебиеттің туын көтерді. Оның сайын сахарада беделінің өлшеусіз өсуінің негізгі себептерінің бірі осы болды. Осыны сезген кейбір кітаби ақындар Әріп Тәнірбергенов пен Шәдітөре Жанангерұлдары Абайдың ұлылығын мойында, халықтың мұраты мен мұнына жуық шығармалар жазды. Тәкен Әлімқұлов кезінде жерлесі Шәдітөренің жазба мұрасын ел ішінен жиыстырып, зерттеген болатын.

Абайдың өмірбаяны, өскен ортасы, елмен, белгілі топтармен арапас-құраласы ел аузында сакталған аңыз-лақап арқылы жетті. Баспасөзден таңба тапқан тарихи деректер, архивтік материалдар мардымсыз болды. Абай заманының шым-шытырық шәркездігі бейтарап талдаудан қағажу қалған шактар өз алдына. Абай сынды айрықша дарынның, шыншыл, сыршыл суреткердің қоғам атаулыдан алатын әсері, бағдарлайтын байқауы, түйетін түйіні, былайша айтқанда, жақсыға жанасумен, жаманнан жерумен шектелмейді. Элеуметтік көзқарас пен суреткерлік шыншылдықтың арасындағы қайшылық өз алдына. Халқының өсіп-өркендеуін, ұлғілі ел болуын армандаған Абай қайсар қайраткердің катарында нәзік те әсершіл ақын, қын болмыс. Оның ішкі әлемі өзі айтпаса, өзін тануға келгенде нешеме қайшылықтарға ұрынады. Бұл өте-мөте ұлы суреткерге тән қасиет. Гете мен Омар Һайямның, Пушкин мен Мицкевичтің, прозада Онэрэ де Бальзак пен Лев Толстойның тәжірибесі осының айғағы. Осы түрғыдан алғанда абайтану проблемасы талапкердің еншісіне тилемел емес, төзімі мен еңбеккорлығына, дарынына тилемел. Бұл жүйедегі шашыраңқылықты, атап айтқанда, Абайды аңызға айналдырушылардың, оны зерттеушілердің, ақын туралы еңбек жазушылардың мінез-құлқы, білім-дәрежесі, дарын қыры, талғам мөлшері түрлі түрлі екенін, дәмек, олар ұлы адам төңірегінде өздерін көрсетпей тұра алмайтынын қоссақ, манағы жұмбакқа қайта соқпаска лаж жок. Оны кім шешті, қалай шешті? Шешті ме, жоқ, тек жорамалмен тынды ма, міне, гәп осында.

Олсе, өлер табиғат, адам өлмес

Өмірінде Абайдың тірі бейнесін көрмеген, сонына қалдырған өшпес мұра-
сымен сусындалап, ұлылығына тәнті болған Тәкендей терең ойшыл азamat ғұ-
лама ақынның әрбір өлең шумағынан астар, әлі күнге, бәлкім, болашақта да
шешімін таппайтын, шексіз ой мұхитының шыңырауынан қазына іздейді.
Өзінің сезімтал жан-дүниесін, ой-түйсігін Абай жаратылысымен ұндастіріп,
содан ұқастық табады. Тәкен ақынды шүқшиш зерттең, жұмбақ әлемге бой
ұрып, езі де біртіндеп жұмбақ жанға айналды.

«Ірі дарын, зор санаткер Абайдың... өмірінің соңғы жылдарында неге ол тағ-
дырдан өлім тіледі?» деп жазады Тәкен «Жұмбақ жанда». – «Жүргім ойбай,
сокпа енді» деп неге зарлайды? Неде болса, оның өмірден қорықлағаны,
қашпағаны рас. «Олсе, өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ, кайтыш келіп, ой-
нап-кулмес» дегенде, ол ең әуелі өзін мензеген, халқының келешегіне
жалғастырып болжаған. Содан қуаныш тапқан. Абайдың шорт сынып, морт
отырып қалуына сонау Оспанның, одан бергі Әблірахманның, ең соңғы
Магауияның өлімі себеп болды деген болжау мен үшін иланымсыз. «Қалың
елім қазағым, қайран жұртый» деп өміріне қам жеген ақын Оспанның
өлімінде «Бергішім-ой!» деп дауыс салған ағайынды «Алғышым-ай!» деп
қаза үстінде әжуалаған сыншы Абай бауыр мен баланың қасіретін көтерсе
керек-ті. Рас, жалпақ жұрттың азызы Магауия өлгенде Абай: «Қырық күннен
қалмай артынан баармын, қарағым!» депті деседі. Абайдың қырық күннен
кейін дүниеден көшкені де рас. Бірақ, бұл фактінің бір өзі Абай өлімінің
түпкі себебін аша алмайды. Қасіретті, қуанышты шактарда пендениң көніл-
күйі шүғыл өзгермек, басына ой оралмақ. «Оліп тынамын!» дегендердің
өлмегенін талай көргенбіз. Абай қырық күнді мензеген жерінен шықса, бұны
фәлсафа тілінде кездейсоктық дейді. Оның ақырамаш түңіліске, таусылmas
торығыска баруының өзінде тозған ғұмырдың қаңқасы жатпасын? Абай
сынды шексіз сезімтал ақынның төл организмді тануы жатпасын? Дүние
салған Абайдың басындағы халдер шешімсіз шәркездікке тола еді».

Бір кезде «адасқан күшік секілді, елсіз жұртқа ұлыған» Абай кейіннен сүм за-
манның қысымына шыдамай, өз ортасына сыймай, жалғыз қалғанда
басындағы аянышты ахуалды:

«Жартасқа бардым,

Күнде айқай салдым.

Одан да шықты жаңғырық.

Eсімін үнін,

Білсем деп жөнін,

Көп ізdedім қаңғырып.

Баяғы жартас – бір жартас,

Кыңқ етер, тұкті байқамас»,

деп суреттеген еді. Абай жансыз тасқа жан бітірген шебер, елсізге айқайлаған даусы біздің заманға, жана буынға жетіп отыр.

Тәкен өмірінің соңғы жылдары елмен көп араласпай, өзін оқшау ұстауда да жұмбак сыр жатса керек. Мансап пен қызметті қажетсінбеуінің астарында сол кездегі қоғамдық құрылышқа деген қаламгердің көзқарасы сезіледі. Саясаттағы таптаурын бірізділік, толып жатқан қарама-қайшылық қаламгердің ой-санасына кері әсер еткені анық.

Тәкен Әлімқұлов ұлы ақынның мағынасы терен мұрасының бір дәүірдің еншісінде қалмайтынын, оған ауыспалы ұрпақтар көзқарасын білдіріп, бағасын беретінін, қатпарлы өміrbаян мен мәністі шығарманың қыры мен сыры дәүірлер барысында ашила түсетінін «Жұмбак жанда» саралап жазып кетті. Ұлы ойшыл ақ патша заманында, бодандық бодауда өмір сүре жүріп, қолынан қаламын түсірмей, адамзат баласына қажетті өшпес мұра қалдырып кетті. Абай мұрасының құндылығы – адамзат баласына ортақ адамгершілік асыл қасиеттерді биікке көтере білуінде. Абайтану ілімін зерттеген талайлар ғылыми дәрежеге ие болды. Ал, Тәкеннің ұлы ақын мұрасы құндылығын етжей-тегжейлі ашип көрсетуі Абайтанудағы шоқтығы биік енбек екенін ғалымдар мен сыншылар кезінде орынды жазды да, айтты да.

Абай арманы – халық арманы

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласындағы көтерілген елдік мәселелермен Тәкен Әлімқұловтың бұдан жарты ғасыр бұрын жазған «Жұмбак жан» атты әдеби сын кітабындағы айтылған ойлардың ұлт мұддесі үшін бір арнаға тоғысып

жатқанына көз жеткізгендей боламыз. Эр кезенде, әр когамда Абай мақсатының өміршендігін еркін сезініп, ақын ойларының уақыт алға жылжыған сайын құндылығын жоймайтынын сезінеміз.

Абай қазақ елінің көшбастаушысы, көрегені, қамқоры, ақылгөйі, мақтанышы. Оның бір өзінің қазақ халқының рухани өмірінде қаншалықты құнарлы қызмет атқарғанын уақыт дәлелдеп келеді. Қылыштың қызметімен, еселі еңбегімен өз халқының дәуір-дәуірлік шежіресін жасап кеткен Абай шексіз ұзақ жасамақ.

Әдебиетте халықтың ақыны бар да, үлттың ақыны бар. Бұл екеуінің тереңдігіне таразы табу қын болса, шеңберін ажырату оңай. Абай осының екеуін де бойына сіңірген. Сөйті тұра оның үлттық ақындығы басым. Бұған ол табиғи дарынның үстіне шексіз зор біліммен, ойшылдық, қаламгерлік биік мәдениетімен жетті. Оны үлттың еншісі дейтініміз де сондықтан.

Абай идеясының өміршендігін, заманалардың даму сатысында адам баласының ойлау денгейі қаншама күрделене түссе де, мақсат-мұддесінің бастапқы бағытынан айнымайтынын, озық ойлы адамзат баласының өмір сүру қағидаттарының негізгі арнадан ауытқымайтынын атап көрсетті.

Қазақ елі, қазақ әдебиеті, қазақ тілі бар жерде Абай бар. Оны зерттеудің, оған қанығудың, олар жайында шығарма жазудың бейнеті мен рахаты бірдей. Ауыр еңбектің рахатына төзген адам келешекте Абай тақырыбына қайта оралса, ол да Абайдың ересен байтақтығы. Әлем атаулының шиырсыз сыры жаңа заманмен бірге ашыла бермек. Абай ұрпак атаулыны ұзак сынайтын адам. Бұғаңға таңның ділгірлігінен туған, еңбектің кыры, сыры ішінде де, ғұмыры алда. Жазушыға тақырыпты өмірдің өзі берсе, сол тақырыпты «іші алтын, сырты күміс» дүниеге айналдырудың тәсілін, түрін жазушының өзі таңдайды. «Осындай ішкі толғаныстан, еңбек өтімін іріктеуден туған кітапты «барға мәзір» етпеске шара жоқ. Жалғаны жоқ, кішіпейілділікке бой ұрып, қолдан келген қорашиб дүниені Абайдың өз сөзімен түйеміз» деп Тәкен Әлімқұлов «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген өлең шумағын келтіреді.

Ұлы ақынның 175 жылдығында Абайдың жазба мұрасын шұқания оқып-зерттеп, ой тереңіне құлаштап бойлағысы келген, осы мақсатта ғұмырының

көпшілігін арнаған қазақтың көрнекті жазушысы, ақыны һәм әдебиет зерттеушісі Тәкен Әлімқұловқа қайта оралып соғуымыздың сыры осында жатса керек. Тәкеннің көзі тірі болса Абай ақынның мерейтойында тағы да өзінің үйреншіктің тақырыбын қайта шиырлап, шабыттана қолына қалам алған, жаңғырған ой толғамдарын қағазға түсірген болар еді. Осы орайда өміршендігін жоймайтын Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» атты әдеби сын кітабын кезінде оқып сусындаған аға үрпақтың қатары селдіреп қалғанын ескеріп, баспадан қайта бастырып шығарса, өмір есігін жаңадан ашқан талғампаз үрпақ үшін тағылымдық шаруа болар еді дегенді еске салуды жөн көрдік.